

1996 жылдың 12 қарашасында Нью-Делидің (Үндістан) маңында болған "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-ның "ИЛ-76" әуе кемесі мен "Сауди Арабиан Эрлайнз" авиакомпаниясы "Боинг-747" авиалайнерлерінің соғысуына қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәлімдемесі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 21 қараша N 526-е

1996 жылғы 12 қарашадағы Нью-Делиде (Үндістан) болған авиаапатына
байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми айқындашын түсіндіру
қажеттігіне байланысты:

1. 1996 жылдың 12 қарашасында Нью-Делидің (Үндістан) маңында болған "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-ның "ИЛ-76" әуе кемесі мен "Сауди Арабиан Эрлайнз" авиакомпаниясы "Боинг-747" авиалайнерінің соғысуына қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоса беріліп отырған мәлімдемесі жарияланды.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т. Дүйсенов, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Ю.И. Лавриненко және Қазақстан Республикасының Әділет министрі К.А. Колпаков авиаапатқа байланысты құрылған комиссияның және оған тартылған заң консультанттарының жұмысын жалғастырсын.

3. Қазақстан Республикасының барлық министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, ведомстволарына, ұйымдары мен мекемелеріне болған авиаапатқа байланысты және оның жағдайларын тексеру барысы туралы осы іске байланысты алдағы уақытта Қазақстан Республикасының мұддесін қорғайтын "McGuire, Woods, Bathie and Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасы өкілдерінің келісімімен жария түрде мәлімдеме жасауға және ресми ақпарат беруге тек Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Ю.И. Лавриненко ғана уәкілетті екендігі ескертілсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің 1996 жылғы
21 қарашадағы N 526 өкіміне
қосымша

1996 жылдың 12 қарашасында Нью-Делидің (Үндістан)
маңында болған "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-ның "ИЛ-76" әуе кемесі
мен "Сауди Арабиан Эрлайнз" авиакомпаниясы "Боинг-747"
авиалайнерлерінің соғысуына қатысты
Қазақстан Республикасы Үкіметінің

МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылдың 12 қарашасында Нью-Делидің (Үндістан) маңында орташа биіктікте болған "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-ның "ИЛ-76" әуе кемесі мен "Сауди Арабиан Эрлайнз" авиакомпаниясы "Боинг-747" авиалайнерлерінің соғысуы салдарынан болған адам шығынына байланысты қатты қайғыратындығын білдіреді және қайтыс болғандардың туған-туысқандары мен жақын-жұықтарына көніл айтады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы оқиғаға байланысты жағдайды тексеру және оған ұшыратқан себептерді анықтау үшін арнаулы комиссия тағайындалды. Қазір мамандар тобы Нью-Делиде үнділік өкімет өкілдерімен бірге осы тексеруді жүргізу жүмысында. Алдын-ала алынған ақпараттарға қарағанда, "ИЛ-76" әуе кемесі тиісінше дұрыс техникалық жағдайда болған, оның еkipажы қажетті тәжірибе мен біліктілікке ие болған және тиісті түрде іс-қимыл жасаған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тексеру аяқталғанға дейін ешқандай қосымша мәлімдемелер жасамайды.